

Д.К.Айдарбаева

ҚР БҒМ «Ботаника және фитоинтродукция институты», Алматы

ЖАБАЙЫ ӨСЕТІН ПАЙДАЛЫ ӨСІМДІКТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

В статье даны сведения по общей характеристике полезных растений Жетысуйского Алатау. Изучены также распространение и запасы некоторых лекарственных растений, выявлены широко распространенные виды, имеющие различный спектр терапевтического действия, использующиеся при лечении болезней пищеварительной, сердечно-сосудистой, репродуктивной систем, органов дыхания и мн. др.

In article the information on a general characteristic of useful plants of Zhetisujsky Alatau. And as distribution and stocks of some herbs is studied is supplied. The widespread kinds having a various spectrum of therapeutic action — cardiovascular, gastroenteric, used are revealed at illnesses digestive, cardiovascular, reproductive, respiratory organs and many other diseases.

Қазақстан флорасы пайдалы өсімдіктерге, соның ішінде ерекше маңызды болып есептелінетін дәрілік өсімдіктерге өте бай. Қазіргі таңда 150-дей өсімдік түрлері ғылыми және халық медицинасында пайдаланады. Дүниежүзілік денсаулық қорғау ұйымының мәліметтері бойынша, жуырдағы 10-жылда фитопрепараттар дәрі-дәрмек көлемінде 60 %-ын құрайды. Қазақстанда отандық фармацевтік өнеркәсіптің өркендеуі кезеңінде Республиканың медицина мекемелерін және халқын отандық дәрі-дәрмектік препараттармен қамтамасыз ету үшін фитопрепараттар әзірлеу және өнеркәсіпке енгізу бағдарламасы барысында құнды өсімдіктерді ресурстық, фитохимиялық тұрғыдан зерттеу — өте өзекті мәселе.

Қазақстан флорасында 6000-дай гүлді өсімдіктер түрлері кездеседі, соның ішінде жабайы өсетін дәрілік, дәрумендік, тағамдық маңызы бар өсімдік түрлеріде көп, мысалы, алманың 3 түрі, долананың 7 түрі, таңқурайдың 4 түрі, бүлдіргеннің 2 түрі, бөріқарақаттың 7 түрі, қарақаттың 10 түрі, шиенің 4 түрі, бадамның 5 түрі, өрік, алмұрт, пісте т.б. Жеміс-жидектерден басқа шөптесін түрлері — қалақай, рауғаш, жусандар, зире, қымыздық, құлмақ, сарымсақ т.б. [1].

Тау және тау бөктерлері, шатқалдары пайдалы өсімдіктерге — дәрілік, тағамдық, дәруменді, эфирмайлы, малазықтық, әсемдік т.б. өте бай.

Алдымызға қойған мақсатымыз — дәрілік, дәрумендік, тағамдық маңызы бар өсімдіктердің таралуын зерттеу. Жетісу Алатауындағы жергілікті халықтардың пайдалануына, әдебиеттердегі мәліметтерге жүгіне отырып [1, 2] және өзіміздің зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде [1; 3,4], 74-ке жуық тағамдық, 104 — дәрілік және т.б. шаруашылық-құнды түрлер кездеседі. Жергілікті халықтардың көп пайдаланатын жеміс-жидек өсімдіктердің түрлері анықталды — *Rhamnus cathartica* L., *Malus sieversii* (Ledeb.) M.Roem., *Berberis sphaerocarpa* Kar. et Kir., *Ribes nigrum* L., *Grataegus songarica* C.Koch., *Sorbus tianschanica* Rupr., *Hippophae rhamnoides* L., *Rosa albertii* Regel., *R. laxa* Retz., *R.beggerana* Schrenk., *R. spinosissima* L. т.б.

Жеміс-жидек өсімдіктері Жетісу Алатауында негізінен орманды-шалғынды 1500 (1600) — 2300 (2500) м, орманды-далалы 1200–1600 м, далалы 800–1200 м белдеулерде таралған. Жетісу Алатауында жиі кездесетін тағамдық, дәрілік, дәрумендік маңызы бар өсімдіктердің кейбір түрлеріне жеке-жеке сипаттама және оларды тиімді пайдалану жолдары жөнінде ұсыныстар беріп отырмыз.

Ішдәрі қаражеміс — *Rhamnus cathartica* L., қаражемістер тұқымдасына — *Ranunculaceae* Juss. жатады. Биіктігі 2–4 (8) м жететін көп бұтактанатын бұта. Қабығы қара, жарылған. Бұтақтары қарама-қарсы орналасқан, тікенді, қызыл-қоңыр қабықты. Жапырағы жұмыртқа тәрізді, эллипс пішінді немесе дөңгелек, ұштары үшкір, сағақты, қарама-қарсы орналасқан, түсі ашық-жасыл, төменгі жағы ашық түсті, үш жүйкелі. Гүлдейтін бұтақтың жапырақтары топтасып орналасқан. Гүлі төрт бөлікті, дара жынысты, ұсақ, сары-жасыл түсті, 10–15 топтасқан. Жемісі шар тәрізді, қара, етті. Тұқымы сүйекше, жұмыртқа пішінді. Мамыр-маусым айларында гүлдейді, тамыз-қыркүйекте жемістенеді. Өзен бойында, бұталардың арасында, қылқан жапырақты орман маңайында, тау бөктерлерінде, тау жыраларында өседі, кейде үлкен қауым құрады, әкті топырақты ұнатады. Табиғи қорлары зерттелмеген, себебі дәрілік шикізат қоры республикамызда жеткілікті. Қабығында көмірсулар — канттар, пектин, органикалық қышқылдар — алма, эфир майы, каротиноидтар, алкалоидтар, илік заттар, флавоноидтар, антрахинондар, сестерин, гликозидтер, дәнінде антрахинондар 3,5 %, шыны майы — 8–40,5 % т.б. бар.

Тамырын асқазан және ішек ауруларын емдеуге пайдаланады. Тамыры мен жапырағынан тұтқырлық дәрі, ал шырынынан кара-көк бояу алады. Қайнатпасымен асқазан ішек жарасын емдейді. Бұтағы, жапырағы, жемісі бактериялық ауруларға қарсы ем. Жемісі дәрілік ем ретінде фармакопояға кірген. Қайнатпа мен тұндырмасы сүргілік дәрі. Ол іш шемені (асцит), белоктық зат алмасу процесінің бұзылуынан буынның жуандап, сырқырап, ісінуіне (подагра), тері ауруларына, асқазанның қабынуына (гастрит), ішек атофиясына, геморрой, бауырдың қабынуына ем.

Сиверс алмасы — *Malus sieversii* (Ledeb.) M.Roem., алма туысына — *Malus* Mill., раушангүлдер тұқымдасына — *Rosaceae* Juss. жатады. Өте құнды жеміс ағашы. Биіктігі 2–6 (8) м жетеді. Қабығы қызыл-қоңыр ренді, қысқы суыққа төзімді. Тау беткейлерінде, өзен аңғарларында олар топтанып, кей жерлерде тәп-тәуір орман құрап өседі. Сәуір-мамыр айларында гүлдейді, гүлінің түсі ақшыл-күлгін немесе ақ. Жемісі шілде-қыркүйек айларында піседі, пішіні мен көлемі, дәмі және пісу мерзімдері де, түстері де алуан түрлі, көбіне түсі қызғылт-жолақты сары. Жемісінің қабығы қалың. Табиғатта тұқымы мен тамыр атпалары арқылы вегетативтік жолмен көбейеді, 12-ден 125 (150) жасына дейін жеміс береді. Жемісінің құрамында 2,5 % — органикалық қышқылдар, 7 % — илік заттар, 2,5 % — витамин С, 7,7 % — витамин Р, 1,2 % — темір, 1,42 % — мырыш т.б., қант мөлшері мәдени алмадан 1,18 % қана кем. Бұлар өндірісте мәдени алмадан да жоғары сапалы тағам береді. Сиверс алмасының қабығынан сары, жасыл, қоңыр және кара түске бояйтын бояу алынады. Сиверс алмасының өте бағалы емдік қасиеті бар, жемісін ішек-қарын және авитаминоз ауруларын емдегенде жеуге ұсынады. Сиверс алмасының ыстыққа, суыққа төзімді және витаминді сорттар шығаруда селекциялық мәні зор. Жетісу Алатауының 11 шатқалында Сиверс алмасының қоры анықталған, 418,1 га жерде алманың өндірістік қоры 270,7 т. Көптеген шатқалдарда алманың қоры аздаған, тек жергілікті халықтардың қажетіне ғана жарайды. Алмалықтауда ғана алманың қоры үлкен, 340 га жерде алманың қоры 68,6 т, егер оған қалған беткейлердегіні қоссақ, қордың көрсеткіші бірнеше есе өседі.

Сиверс алмасы ормандарының азайып бара жатқанына байланысты, оларды «Қазақстанның Қызыл кітабына» енгізген, қорғауды қажет етеді [3].

Кәдімгі өрік — *Armeniaca vulgaris* Lam., өрік туысына — *Armeniaca* Mill., раушангүлдер тұқымдасына — *Rosaceae* Juss. жатады. Биіктігі (3) 5–8 (15) м жететін жеміс ағашы. Қабығы қоңыр, сұрғылт-қоңыр түсті. Таудың оңтүстік және оңтүстік-батыс беткейлерінде биіктігі 500–1200 м дейінгі жерлерде өрік ағаштары жалғыздан да, топталып та, шоқтоғай жасап та өседі. Наурыз-сәуір айларында гүлдейді, гүлдері күлгін немесе ақ түсті, хош иісті. Жемісі шілде-тамыз айларында піседі. Күн сәулесі жақсы түсетін беткейлерінде өріктің жемісі ерте піседі, маусым-шілде айларында жеуге жарайды. Көлеңкелі сайларда, өзен аңғарларында тамыз-қыркүйек айларында пісетін түрлері де бар. Мұндай өрік ірілеу және дәмді болады. Бұл өріктің өте құнды шаруашылық қасиетін және суыққа, құрғақшылыққа төзімді түрлер шығаруда селекциялық маңызын көрсетеді. Жабайы өріктің жемісі өте тәтті, құрамында қант және А, С витаминдері, калий өте көп, сондықтан жүрек ауруын емдегенде жеген пайдалы. Кептірілген жемісінің құрамында 45–50 % дейін қант болады. Кондитер тағамдарына — варенье, джем, компот, мармелад т.б. жасауға пайдаланады. Өріктің тұқымында 30–40 % май, 25 % дейін белок болады. Майлары тағамға жарамды, қабықтарын отынға пайдаланады. Өсек өзенінің бойында 250 га жерде өріктің өндірістік қоры анықталған, ол 5,9 т. Таралу аймақтарының азайып бара жатқанына байланысты бұл құнды жеміс ағашы да «Қазақстанның Қызыл кітабына» енгізілген, қорғауды қажет етеді [3].

Итшомырт шырғанақ — *Hippophae rhamnoides* L., шырғанақ туысына — *Hippophae* L., жиделер тұқымдасына — *Elaeagnaceae* Lindl. жатады. Ертеден бері тағамдық, дәрумендік және емдік қасиеттері белгілі аса құнды, биіктігі 2–6 м жететін кішігірім ағаш. Қабығы сары-қоңыр, не қоңыр-жасыл. Жапырақтары таспа-қандауыр тәрізді, бұтақтарының үш жақтары тікенекті, тікенектерінің ұзындықтары 2–7 см. Өсімдік қос үйлі, гүлдері дара жынысты. Жемісі етжеңді сары түсті бүлдірген. Сәуір-мамыр айларында гүлдейді, тамыз-қыркүйек айларында жеміс береді. Көбіне өзен аңғарларында, тау беткейлерінде өседі. Жапырақтарында 4 % дейін флавоноидтар, 11,7 % дейін иілік заттар, жемісінен 38,9 % дейін майлар, көп витаминдер (С, К, В, Е) топтары т. б. анықталған. Жеміс етінде 8 % шыны майы, ал дәнінде — 12 %. Майында олеин, линол, пальмитин қышқылдары бар. Жемісінде фосфолипидтер, каротин және каротиноидтар 120 мг % дейін, С дәрумені 900 мг %, органикалық қышқылдар — алма, никотин, илік заттар, флавоноидтар бар [5]. Дәрі-дәрмектік мақсатқа негізінен жемісінен алынатын шырғанақ майы көптеген ауруларды емдегенде (асқазан, күйік, қатерлі ісік, экзема, тері туберкулезі, үсікті, ревматизм т.б.) пайдаланады, тұқымынан — іш жүргізетін дәрі, қабығы — ыстықты басатын, жапырағы, гүлі, жемісі — ревматизм ауруына ем, қабығының спиртті сығыны және «Гиппофаин» препараты дәнекер тканьдерінің қатерлі ісігі

(саркома), эрлих ісігінің өсуін тоқтатады. Жеміс шырыны — жоғарғы витаминді сусын. Өсек өзенінің бойында шырғанақтың қоры 48,0 т 250 га жерде. Жемісін әбден пісіп жетілгенде ғана алғашқы қар түскенен кейін, таңертеңгі суықта ағашты сілкіп, астына тент жайып жинайды. Жергілікті халық көбіне ағаштарды аяусыз сындырып жинайды, сондықтан қорғауды қажет етеді.

Алқызыл долана — *Grataegus sanouinea* Pall., долана туысына — *Grataegus* L., раушангүлдер тұқымдасына — *Rosaceae* Juss. жатады. Биіктігі 1–4 м жететін биік бұта, кейде ағаш түрінде өседі. Діндерінің ұзындығы 2,0–3,5 см, жуандығы — 2 мм. Қызыл-қоңыр түсті қатты тікенектері бар. Төбешік жапырақтары қандауыр тәрізді, үшкір, жиектері мақпалдай, жапырақтарының пішіні дөңгелек, жұмыртқа тәрізді, түбі сәл жіңішкеу, ұзындығы 3–7 см, ені 2–5 см, өте қысқа (0,5–2,0 см) сағақты, тақтасы 7–9 тілімденген. Гүлдері қысқа бұтақтарының ұшында қалқанша гүл шоғырына жиналған, тостағанша жапырақшалары жалпақ үшбұрышты, ұшы тіс тәрізді үшкірленіп бітеді. Күлтесі ақ. Жемісі ашық-қызыл немесе қызғылт-сары, жұмсақ, ішінде 3–4 сүйекшесі бар. Мамыр-маусымда гүлдеп, тамызда жеміс береді. Жемісінде көмірсулар, органикалық қышқылдар, тритерпеноидтар, стероидтар, С дәрумені, каротин, илік заттар, катехиндер антоциандар бар. Долана препаратын (гүлінің тұндырмасы, жемістерінің сұйық экстрактын) жүрек жұмысының тонусы бұзылғанда, тахикардия ауруына қарсы қолданылады. Адамның көңіл-күйін жақсартып, қан қысымын төмендетіп, дұрыс ұйықтауына әсер етеді. Ауыр науқастан кейін қайта қалпына келуіне көмектеседі. Бас айналғанда, деміккенде пайдаланады. Бұл өсімдікті де көгалдандыру үшін қолдан отырғызады.

Жоңғар және Алтай доланасы — *Grataegus songorica* C.Koch. *G. altaica* Vge., долана туысына — *Grataegus* L., раушангүлдер тұқымдасына — *Rosaceae* Juss. жатады. Кішігірім шағын ағаш, тікенектері жоқ немесе өте аз. Біржылдық сабақтары жылтыр, қоңыр-қызыл түсті, ал ескі сабақтары сарылау-сұр немесе қызғылт-сұр түсті. Жапырақшалары ірі орақ тәрізді болады, жиектері ірі тісті. Ал жапырақтары жұмыртқа тәрізді жалпақ, үшбұрышты ұштары үшкір, жиектері үшкір тісті, жоғарғы жақтары сұрғылт-жасыл түсті, асты ашықтау, аздаған қысқа түктері бар. Гүлшоғыры қалқан тәрізді, гүлдерінің түсі ақ. Жемістері дөңгелек немесе сәл қысыңқы дөңгелек, піскен кезде қызғылт-сары түсті, өте жұмсақ, дәмді және 4–5 дәндері бар. Мамыр-маусым айларында гүлдейді, тамыз-қыркүйек айларында жеміс салады.

Негізінен тау шатқалдарының беткейлерінде, аралас орманды белдеулерде, өзен аңғарларында қиыршық тасты топырақтарда өседі. Жемістері жеуге жарайды. Ағаштың қабығында иілік заттар, майлар; бүршіктері мен қабығында, жапырақтарында витамин С, флавоноидтар, жемістерінде С дәрумені, каротин, органикалық қышқылдар, тритерпеноидтар, илік заттар, катехиндер, лейкоантоцианидтер бар. Жапырақтарынан және жемістерінен, гүлдерінен жасалған препараттардың жүйкені тыныштандыратын, жүрек жұмысын жақсартатын, қан қысымын төмендететін емдік қасиеттері бар. Ауыр науқастан соң қайта қалыпқа келуді тездетеді және құрамындағы холестеринді азайтады. Бас айналғанда, деміккенде пайдаланса жақсы нәтиже береді. Жапырақтарының, қабығы мен тамырының тұнбасы қоңыр, сары түске маталарды бояйды. Долана ағашы тек қана дәрілік үшін емес және әсемдік үшін өсіріледі, дәруменді, балшырынды да маңызы бар. Жылуы жақсы болғандықтан, отын ретінде де аяусыз пайдаланады. Қорғауды қажет етеді.

Кәдімгі мойыл — *Padus racemosa* (Lam.) Gilib., мойыл туысына — *Padus* Mill., раушангүлдер тұқымдасына — *Rosaceae* Juss. жатады. Бұта немесе ағаш, биіктігі 10 м дейін, жас бұтақтары қызғылт немесе жасылдау болады, өзіне тән иісі бар. Жапырақтары ұзыншақ эллипс тәрізді, жиектері ара тісті. Гүл шашағы көп гүлді. Гүлдері ашық күлгін және ақ түсті, хош иісті. Жемістері қара түсті, дөңгелек, дәні бар. Мамыр-маусым айларында гүлдейді, тамыз-қыркүйек айларында жеміс береді. Өзен аңғарларында, тау беткейлерінде (1500 м биіктікке дейін) өседі.

Жемістері жеуге жарайды. Гүлдері мен жапырақтарында эфир майлары, жемісінде көмірсулар, иілік заттар, алма және лимон қышқылдары, С дәрумені, каротин, фенол қышқылдары, көмір сулар — фруктоза (4,4–6,4%), глюкоза (5,3–6,4), сахароза (0,06–0,7), пектин (1,1%) бар [5]. Қабығы бас ауруына, жүрек және асқазан-ішек жолдары ауруларына тыныштандырғыш дәрі. Халық емінде қызба, тыныс жолдарының жұқпалы ауруларын, демікпе, асқазан түйілуіне, қайнатпасы қанды ірің аралас іш өткенге қарсы ем. Жемістерін медицинада іш ауруларына қарсы ем ретінде пайдаланады, тұтқырлықты арттырады. Тибет медицинасында жапырақтарын балалардың іш өту ауруынан емдеуге пайдаланады, шикан шыққанда жағады. Бұл өсімдікті әсемдік үшін өсіреді.

Тянь-Шань шетені — *Sorbus tianschanica* Rupr., шетен туысына — *Sorbus* L., раушангүлдер тұқымдасына — *Rosaceae* Juss. жатады. Шағын ағаш, биіктігі 3–5 м дейін, жас бұтақтары жасылдау немесе сұрғылт-қызыл, аздаған түкті. Жапырақтары қына тәрізді, ұзындықтары 10–16 см, 6–8 жұп

болып орналасқан. Гүлшоғыры жалпақ — 15 см дейін, гүлдерінің түсі ақ, ірі. Жемістері алғашында сарғыш-қызыл, кейін қоңыр-қызыл, аздаған сұрғылт тозаңы болады. Маусым айларында гүлдейді, тамыз-қыркүйек айларында жеміс береді. Өзен бойларында, бұталармен араласып, тау беткейлерінде (3000 м дейін көтеріледі) өседі. Жапырақтары мен бұталарында, жемістерінде фенолкарбон қышқылдары, флаваноидтар — гиперин, хизутрин, жапырағында фенолкарбон қышқылдары, катехиндар, флаваноидтар бар, тұқымында майлар бар. Жемісі жеуге жарайды, түрлі сусындар жасалынады. Жемісі мен тұқымдарында әр түрлі бактерияларға қарсы қасиеттері бар. Майлары мен спирттердегі тұндырмалары паратиф ауруын емдеуге қолданылады. Халық емшілері тянь-шань шетен препараттарын құрқұлаққа қарсы, несеп айдайтын және тағамда дәрумендердің жетіспеуінен болатын ауруларға қарсы дәрі ретінде пайдаланады. Өсімдіктің жемісін дәруменді шай ретінде ішеді және шырынын да қолданады. Бұл өсімдікті де қала көшелеріне әсемдік үшін отырғызады.

Сынғақ итшомырт — *Frangula alnus* Mill., қаражемістер тұқымдасына — *Rhamnaceae* Juss. жатады. Биіктігі 2–3 м жететін бұта немесе 5–7 м жететін ағаш, тікені жоқ. Жас бұтақтарының қабығы жылтыр, қызыл-қоңыр, ескі бұтақтарынікі қоңыр, жібек түкті. Жапырақтары тығыз, кезектесіп орналасқан, жұмыртқа немесе эллипс пішінді. Жемісі дөңгелек сүйекше, бастапқыда қызыл, піскенде күлгін-қара. Мамыр-маусым айларында гүлдеп, маусым-тамыз айларында жеміс салады. Түрлі бұталар мен ағаш араласа өскен ормандарда, өзен бойларында, сазды және тасты тау бөктерлерінде өсіп-өнеді. Жапырақтарының құрамында эфир майлары, илік заттар, С дәрумені және флаваноидтар бар. Қабығында көмірсутегі, пектин, қант, крахмал, органикалық қышқылдар — алма, эфир майы, сапониндер, алкалоидтар, С дәрумені, кумариндер, илік заттар бар. Медицинада қабығын пайдаланады. Қабығының қайнатпасы мен сығынынан «Равонил» ішті айдайтын дәрі және ол «Викалин», «Викаир» деген препараттарға қосылып, іш-құрылысы ауруларын емдеуге пайдалы. Тұндырмасы әйелдер жыныс мүшесі ауруларын емдеуге пайдаланады. Халық арасында түрлі шаншу, жүрек және бүйрек шаншуына, ішек құрты ауруына, зат алмасу процесінің бұзылуына байланысты буынның жуандап, сырқырап, ісініп ауруына қарсы ем ретінде қолданылады.

Қара қарақат — *Ribes nigrum* L., қарақат туысына — *Ribes* L., раушангүлдер тұқымдасына — *Rosaceae* Juss. жатады. Бұта, биіктігі 1,5 м дейін. Қабықтары жылтыр, бұтақтары тік, сұрлау-қоңыр түсті, жас бұтақтары сарғыш-жылтыр. Жапырақтары дөңгелектеу, сирек 3-ке бөлінген, екі жағыда бірдей, кейде төменгі жағы түкті. Гүлшоғыры қысқа, ұзындықтары 2–4 см, қалың 4–12 гүлді. Жемісі қара түсті, қышқыл дәмді. Маусым айында гүлдейді, жемістері тамыз айында пісе бастайды. Негізінен орманды-дала және субальпілік белдеулерде бұталардың арасында, тасты беткейлерде, қиыршық тасты өзен бойларында өседі. Өте көп жеміс берумен және құрғақшылыққа төзімділігімен ерекшеленеді, селекцияға жарамды. Жапырақтарының құрамында эфир майлары, илік заттар, С дәрумені және флаваноидтар бар. Піскен жемістерінің құрамында С дәруменінің мөлшері өте жоғары, Р, В дәрумендері, органикалық қышқылдар, пектиндер, илік заттар т.б. биологиялық белсенді заттар бар. Жапырақтары ғылыми медицинада ревматизм, подагра ауруларын емдеуде пайдаланады. Жемісін тыныс жолдары ауруларын емдегенде (жөтел, тамақ қарлыққанда және басқа суық тигенде) қолданады. Халық медицинасында көбіне жапырақтарын пайдаланады.

Түрліаяқты бөріқарақат — *Berberis sphaerocarpa* Kar et Kir., бөріқарақат туысына *Berberis* L., бөріқарақаттар тұқымдасына — *Berberidaceae* жатады. Биіктігі 2 м жететін бұта. Жас бұтақтары сұрғылт-қызыл, ал ескі бұтақтары сұр түсті, тікенектері жай 3-ке бөлінген, ұзындықтары 1–3 см дейін. Жапырақтары сұрғылт-жасыл, ірілеу, пішіндері теріс жұмыртқа тәрізді, жиектері тегіс, кейде жапырақ ұшында тікенегі болады. Гүлшашағы көпгүлді, тығыз емес 5–9 дейін сары гүлдері бар. Жемістері дөңгелек, сәл сопақша келген қара түсті, сұрғылт тозаңдары бар. Дәндері қара-қоңыр түсті, тегіс емес, кедір-бұдыр болады. Мамыр айларында гүлдейді, тамыз айларында жемістері пісе бастайды. Тау беткейлерінде және шатқалдарында, өзен аңғарларында бұталармен араласып өседі, жемісі жеуге жарайды, дәруменді. Тамырында алкалоид берберин бар. Медицинада тамыры мен жапырақтарын пайдаланады. Тамарынан жасалған тұнба орталық нерв жүйесін қоздырып, жүрек қан тамырларының жұмыс жасауын жақсартады. Жапырақтарынан жасалған тұнба суық тигенге қарсы, қан қысымын қалпына түсіру үшін және өт жолдары ауруларына пайдаланады. Бүйрек және бауырды емдейтін қоспалардың құрамына кіреді. Тамырларынан сары бояу алуға болады.

Итмұрын — *Rosa* L., туысына — *Rosa* L., раушангүлдер тұқымдасына — *Rosaceae* Juss. жатады. Өзен аңғарларында бірнеше түрлері кездеседі: беггер итмұрыны, тікенекті итмұрын, бұжыр итмұрыны т.б. Бұталар 1,5–3 м дейін биіктіктері, бұтақтары тікенекті (тікенектерінің де түрлері алуан түрлі), гүлдері ірі, қос жынысты, түстері ақшыл-күлгін, ақ, сарғыш. Жапырақтары жай қауырсынды, жапырақ сағағына жабыса өскен жапырақшалары бар. Жемістері әр түрлі: дөңгелек, сопақша,

жұмыртқа тәрізді болады. Мамыр-маусым айларында гүлдейді, тамыз-қыркүйек айларында жеміс береді. Тау беткейлерінде, өзен жағалары мен жайылымдарында басқа бұталар мен ағаштармен араласып өседі. Негізінен емдік, дәрумендік және әсемдік өсімдігі. Ерте кезден бастап адамдар бақшаларын раушан гүлімен әсемдеген, біздің кезде 15000 жаңа түрі шығарылған, негізінен жаңа түр алу үшін жабайы итмұрын (роза) пайдаланылған. Жемісін жеуге болады, құрамында С дәрумені 3,2–10,8 %, каротин және рибофлавин 9,7 %, бифлавоноид көп, авитаминоз ауруына таптырмайтын ем, ал тұқымында токоферол, каротин, майлар бар. Итмұрын жемісінен дайындалатын дәрілік препараттар: «Кароталин», «Холосас», «Арфазетин», «Розанол»; тұқым дәндерінен алынатын майлар медицинада көптеген аурулардың алдын алуға пайдаланылады. Халық арасында тамырының қайнатпасын жараны микробтан сақтау үшін, іш өтуге, ас қорытудың бұзылуына, қуықтың қабынуына, қан қысымының артуына, қалтырау, жүрек ауруына, жапырағынан тұндырма жасап, тоқ ішектің қабынуына қарсы қолданады. Дәрумендік шәй ретінде кеңінен пайдаланады, ол ағзаның иммунитетін арттырады. Тұқымынан май алып, тоқ ішектің қабынуын, түрлі жара, тері ауруларын емдейді. Табиғатта жеміс өнімділігі әр гектардан 0,9–2 т дейін. Қазіргі кезде бұл өсімдікті тек қана дәрумендік ретінде емес, әсемдік ретінде қаланы көгалдандырғанда отырғызады. Қорыта айтқанда, Жетісу Алатауында кездесетін тағамдық, дәрумендік, дәрілік өсімдіктерді негізінен жергілікті халық жан-жақты, кешенді пайдаланады. Тек тағамдық мақсатта ғана емес, емдік қасиеттері үшін: суық тигенге қарсы, өт жолын тазартуда, жүрек ауруына, авитаминозда, қан қысымы ауруына, бауыр ауырғанда т.б. пайдаланады, себебі дәрілерге қарағанда арзан, адам ағзасына пайдалы, улы емес, кері әсері жоқ. Осындай пайдасына қарап жинаған кездерде ағаштарды сындырмай, дұрыс жинап және сақтау керек. Сондықтан халық арасында дәрілік өсімдіктерді насихаттау, таныстыру және оларды жинау, дұрыс сақтау жөнінде жұмыстар мектептен бастап (ботаника, жас экологтар үйірмесі) жүргізілуі керек. Айналадағы ортаға қамқорлық, табиғатты қорғау, адам денсаулығын сақтау бір-бірімен тығыз байланысты екендігін естен шығармауымыз қажет.

Ғылыми медицинаны дәрілік жаңа фитопрепараттармен толықтыру үшін халық арасында пайдаланатын өсімдіктерді зерттеу аса қажет. Жергілікті халық көптеген өсімдіктерді қалай болса солай жинап (сатуға, емделу үшін) олардың құруына жол береді. Өсімдіктерді қорғау және оларды орынды пайдалану жұмыстары жүргізілмейді, өкінішке орай, шипалы көптеген өсімдіктер «Қазақстанның Қызыл кітабына» енгізілген. Этноботаникалық зерттеулер халық арасында пайдаланатын өсімдік түрлерін анықтап қана қоймай, бір жүйеге келтіріп, оларды қорғауды насихаттауымыз керек, яғни зерттеу жұмыстары өсімдіктерді тиімді пайдалану және қорғау мәселесімен ұштастырыла жүргізілуі керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Кукенов М.К. Ботаническое ресурсосведение Казахстана. — Алматы, 1999. — 160 с.
2. Айдарбаева Д.К. Растительные ресурсы (пищевые и лекарственные растения) Джунгарского Алатау и их освоение: Автореф. ... канд. биол. наук. — Алматы, 1991. — 21 с.
3. Красная книга Казахской ССР. — Алма-Ата, 1981. — 96 с.
4. Арыстангалшев С.А., Рамазанов Е.Р. Растения Казахстана. — Алма-Ата: Наука, 1997.
5. Дикорастущие полезные растения России. — СПб., 2001. — С. 664.